П

Түркістан облысының білім басқармасының «Шардара ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение «Отдел образования Шардаринского района» управления образования Туркестанской области

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

12.06.2024ж № 55

Шардара қаласы город Шардара

**Р. А. Жунускулова туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы N°414 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабы, 1 –тармағы, 2,3- тармақшаларына «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығымен бекітілген қағиданың 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жунускулова Роза Алимбековна 2024 жылдың 13 маусымынан бастап Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «№12 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лаузымдық қызметіне барлық қаржылық және басқада құжаттарына бірінші қол қою құқығымен тағайындалсын.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «№ 12 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының лаузымдық міндеті бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау бөлімнің кадр маманы Л. Ошановаға жүктелсін.

**Негіз:** Түркістан облысының білім басқармасының 2024 жылғы 12 маусымдағы №25/3493 хаты, облыстық конкурстық комиссия хаттамасының шешімі, Р. Жунускулованың жеке өтініші, еңбек шарты.

**Бөлім басшысы** **Ж. Мұсатаева**

# ЕҢБЕК ШАРТЫ №

«12» маусым 2024 ж. Шардара қаласы

**Түркістан облысының білім басқармасының «Шардара ауданының білім әлеуетті бөлімі»**
(заңды тұлғаның аталуы және оның орналасқан жері **мемлекеттік мекемесі, БСН 050140000150, 23.08.2023 жылы берілген**
заңды тұлға –жұмыс берушінің құрылтайшылық құжаттарының мемлекеттік тіркеу нөмері мен күні)
Тұлға: **Мусатаева Жанат Туякбаевна**
(Жұмыс берушінің А.Ж.Т қызметі,егер, жеке тұлға болса оның
**Шардара ауданының білім бөлімінің басшысы**
тұрғылықты мекен жайы өзін куәландыратын куәлігінің нөмері берілген күні)
Екінші жағынан, қызметкер **Жунускулова Роза Алимбековна**
(қызметкердің А.Ж.Т өзінің жеке басын куәландыратын куәліктің нөмері және
**жеке куәлік №046864949 Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі 24.08.2020 жылы берген**
берілген күні)
**711113400557**
(ЖСН нөмері)
Тұрғылықты мекен-жайы: **Шардара қаласы, Жүргенов көшесі №59 үй**
Жұмыс беруші қызметкерге мына сападағы жұмысты ұсынады:
**Түркістан облысының білім басқармасының «Шардара ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №12 жалпы білім беретін мектеп директоры**
(қызметтің, мамандықтың, кәсіптің атауы және оның құрылымдық бөлімшесі немесе белгілі бір жұмысты уақытша атқару)
Мерзімі: **5 жылға, 2029 жылдың 13 маусымына дейін**
(егерде мерзімі келісілмесе, жұмыс белгісіз мерзімге келісілген болып саналады)
Жұмыс орнында мынадай еңбек жағдайында: **Еңбек шартының сипатын оның ауырлығын,**
(Еңбек шартының сипатын оның ауырлығын, зияндылығы және қауіптілігі
**зияндылығы және қауіптілігі ескертілді**
ескертіледі. Жұмысшыға сынақ мерзімі белгіленген кезде оның мерзімі көрсетіледі)
Еңбек міндеттерін жүзеге асырудың басталуы **« 13 » маусым 2024 жыл**

**2.Жұмыс берушінің:**

1) «Еңбек кодексімен» көзделген тәртіппен және негіздер бойынша өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
2) Өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін басып шығаруға;
3) қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдануға, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тартуға;
4) Қызметкерді оқытуға байланысты өз шығындарын өтеуге;
5) Жұмыс беруші одан келтірген зиянын өтеуге;
6) қызметкерге сынақ мерзімін белгілеугеқұқығы бар;

**3. Жұмыс беруші:**

1) Қазақстан республикасының «Еңбек кодексіне» сәйкес қызметкерге еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;
2) Қызметкерге тарификацияға сәйкес жалақы төлеуге;
3) Қызметкерге айына бір реттен кем емес және келесі әр айдың 10 күнінен кешікпей еңбекақы төлеуге;
4) Қызметкер еңбек міндетерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;
5) жұмыс уақытында тыс жұмыстары үшін, мереке, демалыс күндеріндегі және түнгі уақыттағы жұмысы үшін 1,5 есе мөлшерде төлеуге міндетті.
(төлем еселі бөлек көрсетілсін)

Қызметкерді қоса атқару немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін берілетін қосымша ақы мөлшері қызметкердің келісімі бойынша белгіленеді.
Жұмыстың тоқтап тұру уақытына ақы төлеу тәртібі мен шартта: ұжымдық шарқа сай
(ұжымдық шартқа сілтеме жасау немесе төлем мөлшерін көрсету)

6) 2 демалыс күні бар 5 күндік жұмыс аптасында, түскі тамаққа 2 сағаттық үзілісі бар, күніне ұзақтығы 8 сағат жұмыс уақытының күн тәртібін қамтамасыз ету;
7) Шартта көзделге шарттар мен тәртіпке және ұйым бойынша демалыс кестесіне сәйкес жыл сайынғы ақылы негізгі демалыс 56 күнтізбелік күнге және қосымша 7 күнтізбелік күндерге беріледі.

8) калыпты еңбек жағдайларын жасау және қызметкерді қажетті жеке қорғау құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етуге;
9) Қызметкерге ауыр дене еңбегі, зиянды немесе қауіпті еңбегі үшін______ - ______________

(керек емесін сызып тастау, өтемақының мөлшерін көрсету немесе сызықша қою )
10) Еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыруға;

**4. Қызметкердің негізгі құқықтары:**

1) «Еңбек кодексінде» көзделген тәртіппен және жағдайларда еңбек шартын жасауға, өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;
2) Қандай да болмасын кемсітусіз бірдей еңбегіне тең ақы алуға;
3) Қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайына;
4) Кәсіптік одақтарда немесе өзге қоғамдық бірлестіктерге ерікті мүше болуға;
5) Еңбек міндеттерін атқаруға байланысты денсаулығы мен мүлкіне келтірген зиянды өтеуге;
6) Кепілдіктер мен өтемақыларға;
7) тараптар келісімі немесе сот тәртібінде еңбек дауларын шешуге;
8) Ұжымдық шартпен жұмыс берушінің актілерін әзірлеуде қатысуға және танысуға;
8) Өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқығы бар;

**5. Қызметкердің міндеті:**

1) Жұмыс берушінің актілерімен шарттасқан еңбек міндеттерін адал орындауға;
2) Еңбек тәртібін сақтауға;
3) Жұмыс процесінде жұмыс берушіге мүліктік зиян келтірмеуге;
4) Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі ережелердің тәртібін сақтауға;
5) Еңбек шартына сәйкес оған сеніпе берілген, қызметтік, комерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді жария етпеуге;
6) Адамдардың өмірі мен денсаулығына , жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін жағдай туыу туралы хабарлауға міндетті;
7) Ерекше жағдайлар _____-____________________________

(қосымша міндеттерді көрсету )

**6. Еңбек шартын өзгерту, бұзу және мерзімін ұзарту негіздері**

1) Шарт оның мерзімі өткенінше тараптар келісімі немесе бір тараптың бастамасы бойынша, сондай-ақ заң актілермен көзделген өзге де негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.
Шарт бір тараптың бастамасы бойынша егер осы тарап екінші тарапты оның мерзімі бітуіне 30___ күн қалғанда ескертсе ғана бұзыла алады.
Шарт ҚР «Еңбек кодексі» заңының 52, 56-баптарына сәйкес негіздер бойынша бұзыла алады. Жұмыс беруші бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу мүмкіндігін шектеу Заңның 54-бабында көрсетілген.
2) Шарт мерзімінің өтуіне және ҚР «Еңбек кодексі» заңының 51, 57-баптарына сәйкес тараптар еркінен тыс жағдайлар бойынша тоқтатылуы мүмкін.
3) Шарт жағдайлары бір жақты тәртіпте тараптармен өзгертіле алмайды.
4) Шарт **2 (екі)** дана жасалған. Оның әр қайсысының заң күші бірдей.
Осы шартқа қосымша **жеке іс-құжаттар**
(қызметкердің осы ұйымға тапсырған құжаттарының тізбесі)
5) Шарт күшінің мерзімі аяқталғанда тараптар келісімі бойынша ол ұзартылуы мүмкін немесе жаңа мерзімге жасала алады.
6) Жұмыс берішінің бұйрықтары:

қызметкерді жұмысқа қабылдау туралы № 55; 12.06.2024 жыл (мөрдің орыны)
Шарттың мерзімін ұзарту туралы №___________ (мөрдің орыны)
Шартты бұзу немесе тоқтату туралы №___________ (мөрдің орыны)
Шартты бұзу негізі ҚР «Еңбек кодексі» заңының ________ бабы.

7) Осы шартпен көзделген міндеттерді атқармағаны және тиісінше атқармағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тараптар жауап береді.

Қызметкер _______________ Жұмыс беруші _______________
(Қолы, күні) (Қолы, күні)